ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚИТЫН МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚИТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тулебиева Г.Н. - *п.ғ.магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Қазақ тілінде оқитын мүмкіндіктері шектеулі балаларға арнайы білім беру зертханасының меңгерушісі, Түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. Қазақстан Республикасы. Алматы қаласы, gr1_60@mail.ru*

PROBLEMS OF TRAINING AND EDUCATION OF THE CHILDREN WITH LIMITED POSSIBILITIES, WHO ARE TRAINED ON THE KAZAKH LANGUAGE

G.N.Tulebieva – *Kazakh National pedagogical university named after Abai / Almaty. Republic of Kazakhstan*

Мақалада мүмкіндіктері шектеулі қазақ тілінде оқитын балаларға білім беру және тәрбиелеу мәселесі қарастырылады. Қазіргі кезде қазақ тілінде оқитын бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік материалдардың тапшылығы мен ғылыми тұрғыдан толық зерттелмегені зертхана қызметкерлерінің зерттеу тақырыптарын таңдауға мүмкіндік берді: «Қазақ тілінде оқитын жалпы білім беру мектептің бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетудің педагогикалық шарттары», «Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмысының ғылыми-әдістемелік негіздері», «Әртүрлі институционалдық жағдайларда көру қабілеті бұзылған балалардың түзете дамыту үрдісін жобалау».

Түйін сөздер: арнайы білім беру және тәрбие, сөздің буындық құрамы, дыбыстық-буындық талдау мен жинақтау, көру қабілеті зақымдалған оқушылар, жазбаша сөйлеу тілі бұзылған оқушылар.

ҚР білім беру саясатының басты міндеті 2015 жылға дейін білім беру жүйесін дамыту Концепциясы мен басқа да нормативті құжаттарда көрсетілген білім беру сапасын арттыру болып табылады. Осы міндеттердің бірі «барлық адамдарға қолжетімді сапалы білім беруді қамтамасыз ету» деп белгіленген.

Қазіргі таңда арнайы білім беруде өзекті мәселелердің бірі қазақ тілде оқитын мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Бұл мәселе аясында Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми практикалық орталығының қазақ тілде оқитын мүмкіндіктері шектеулі балаларға арнайы білім беру зертханасының ғылыми қызметкерлері еңбек етуде.

И.Н. Садовникованың деректері (1993) жалпы білім беру оқушыларының 28%-да, ал Л.Г.Парамонованың зерттеулері (2001) - 30%-да жазуында әртүрлі бұзылыстары байқалатынын мәлімдейді. Бұл деректер арнайы логопедиялық, психологиялық-педагогикалық жұмысты, қажеті бар жерде медициналық көмекті қажет ететін оқушылардың санының көптігін дәлелдейді [1, 2]. Жазудағы бұзылыстарының ішінде кең таралған түрі - тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған дисграфия екенін А.Н. Корнев, Р.И. Лалаева, И.К. Колповская [3], т.б. өз еңбектерінде атап кеткен. Қазақ тілді балалардың арасында жазбаша сөйлеу тілінің бұзылу мәселесін қарастырып жүрген отандық зерттеушілер Өмірбекова Қ.Қ., Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. [4, 5, 6].

Заманауи логопедияның теориясы мен тәжірибесінде қазақ тілінде оқитын бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік материалдардың тапшылығы мен ғылыми тұрғыдан толық зерттелмегені келесі зерттеу тақырыптарын таңдауға мүмкіндік берді:

1. Қазақ тілінде оқитын жалпы білім беру мектептің бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетудің педагогикалық шарттары.

2. Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмысының ғылыми-әдістемелік негіздері.

Арнайы педагогика саласында тағыда бір өзекті мәселенің бірі – көру қабілеті терең зақымдалған балалардың сөйлеу тілін дамыту болып табылады. Соңғы кездері көруінде әртүрлі кемістігі бар балалардың саны ұлғаюда. БДСҰ көрсеткіштері бойынша қазіргі кезде әлемде көру қабілеті

зақымдалған адамдардың саны шамамен 150 млн. құрады. Көру қабілеті бұзылған балалардың даму деңгейі өз құрбыларына қарағанда әлде қайда төмен болады. Республикадағы арнайы білім беру жүйесін жетілдіруге қойылатын қазіргі уақыттағы талаптар мен көру қабілеті зақымдалған қазақ балаларын сөйлеу тіліне үйретудің теориялық және әдістемелік негіздерінің жоқтығы арасындағы қарама-қайшылық ойлантарлықтай жағдай.

Аталған қарама-қайшылық зерттеу өзектілігін анықтады – бастауыш мектеп кезінде көру қабілеті зақымдалған балаларында ауызша байланыстырып сөйлеу тілінің табысты қалыптасуын қамтамасыз ететін, нәтижелі жұмыс жүйесін іздеу. Бұл зерттеу тақырыбын анықтауға мүмкіндік берді: «Өртүрлі институционалдық жағдайларда көру қабілеті бұзылған балалардың түзете дамыту үрдісін жобалау».

Зерттеу барысында келесі міндеттер шешуге бағытталған жұмыс жүргізілді:

зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерді зерттеу, талдау; қазақ тілінде оқитын жалпы білім беру мектептің бастауыш сынып оқушыларында дисграфияны алдын алу және түзету бойынша логопедиялық жұмыс жүйесін, дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысы мәселесін, көру қабілеті терең зақымдалған 0-1 сынып оқушыларының ауызша байланыстырып сөйлеу тілінің дамыту мәселесін теориялық негізін ғылыми тұрғыдан негіздеу, практикалық тұрғыдан құрастыру, логопедиялық жұмыс жоспарын құрып тәжірибеге еңгізіп, тиімділігін белгілеу. Сонымен қатар зерттеу жұмысы барысында анықтаушы эксперименттер жүргізіліп, қол жеткізген нәтижелеріне сандық, сапалық талдау жасалып, зерттеу нәтижелері толық қорытындыланып сипатталды; бірінші сынып оқушыларын дисграфиядан сақтандыруға, яғни жазу процесінің функционалдық базисін дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйеленіп қарастырылды; тапсырмалар мен жаттығулар кеңістікті бағдарлау, көру функцияларын дамыту, моторлық сферасын дамыту бағыттары бойынша жүйеленіп, сипатталды.

Тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының қателері бүгінгі күні кең таралған болып отыр. Ол баланың мектепке барғанында жазу процесінің қалыптасуын қиындатады, пәндер бойынша үлгермеушілікке әкеліп соғады, оқушылардың оқуға деген кері көзқарасын қалыптастырады және тұлғаның өзін бағалауы мен тұлғалық өсуін төмендетеді. Талдау нәтижесінде алынған мағлұматтарды негізге алып мыналар айқындалды: бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарының алдын алу мақсатында балалар бақшасының мектепалды даярлық топтарында сөйлеу процестерін анықтап, дұрыс түзетуге бағытталған кешенді логопедиялық тексеру жүргізу қажет екені анықталды [6].

Көру қабілеті зақымдалған балалардың ауызекі байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру мүмкіндіктерін Ғ.А. Абаева мен И.Т. Жангельдинаның зерттеу жұмыстарында қарастырған.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде авторлар төмендегідей тұжырамдама жасады:

1. Әңгімелеудің меңгерудің жалпы тенденциясы болғанымен көру қабілеті зақымдалған балалар қалыпты көретін балаларға қарағанда артта қалуда.

2. Өз тәжірибесіндегі әрекеттерді әңгімелеуден гөрі, объектіні бейнелеу кезінде мәтінің композициялық құрылымы толық сақталған және логикалық ойлауы дұрыс айтылған, өзбетінше орындай алды.

3. Көру қабілеті зақымдалған балалар сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыру кезінде әрекеттердің реттілігі көрсетілген объектілер арасындағы өзара байланыстарды құру қиындықтар туғызды. Заттық суреттер бойынша заттармен жасаған жұмыс тәжірибелерін сюжеттік суреттерге алмастырып отырды. Нәтижесінде нашар көретін және көрмейтін балалардың сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыруда заттардың негізгі белгілерін айту және оқиғалар желісін қысқаша баяндаумен шектелген. Мұны практикалық, әлеуметтік тәжірибенің жеткіліксіздігімен, күрделі, көпсалалы көрнекілікті қабылдау амалдары мен тәсілдерінің толыққанды қалыптасуымен түсіндіріледі.

4. Көру қабілеті зақымдалған балаларға оқиғаның нақты, біркелкі жағдайларын талдап, ерекшелеп бере алмау тән.

Жоғарыда айтылған дәлелдемелер сөйлеу тілі және көру қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша түзете дамытушылық жұмыстарын қалыптастыру мен жетілдіруін қажет екенін көрсетеді.

Сонымен, зертхана ізденістерін іске асыру ҚР мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жаңарту заманауи тенденциялары және Мемлекеттік білім беру стандартымен тығыз байланысты. ҚР 2011-2020ж.ж. білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім беру жүйесінің алдына қойылатын өзекті мәселесінің бірі – даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға сапалы білім беруді қамтамасыз ету және мазмұнын жаңарту болып табылады. Мемлекеттік жалпыға білім беру

стандартында мектеп оқушыларын базалық білім беру мен тәрбиелеу мазмұнына сәйкес және білім әрекетінің нәтижесі ретінде баланың құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияларды құрастыру қажеттілігі белгіленген. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру түрлерін құрастыруда көптеген жетістіктерге қарамастан, арнайы білім беру ұйымдарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруын және оларды бағдарламалық-әдістемелік қамтуын талдау негізінде, әліде білім беру мұқтаждығын түсінуде бір қатар қиындықтар шешілмегенін айтып кеткен жөн. Бұл жағдайда даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру мен тәрбиелеу үрдісін жетілдірудің тиімді жолдарының бірі – технологиялық тұрғыдан іске асыру болуы мүмкін.

Қазіргі кезде мүмкіндіктері шектеулі қазақ тілде оқитын балалармен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмысының технологияларын құрастыру және апробациядан өткізу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан зертхана қызметкерлерінің зерттеу тақырыптары өз өзектілігін, тәжірибелік маңыздылығын дәлелдейді.

- 1 Садовникова И.Н. *Дисграфия, дислексия: технология преодоления*. - М., 2011.
- 2 Парамонова Л.Г. *Как повысить грамотность учащихся*. - М., 2012.
- 3 Корнев А.Н. *Нарушение чтения и письма у детей*. – СПб., 1997.
- 4 Өмірбекова Қ.Қ. *Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы және түзету жолдары*. - Алматы, 2010.
- 5 Тулебиева Г.Н. *Жалпы білім беру мектеп оқушыларының сөйлеу тілінің сенсомоторлық дамуының қалпы*, //Хабаршы. Абай атындағы ҚазҰПУ, «Арнайы педагогика» сериясы №1-2 (28-29), 2012
- 6 Ибатова Г.Б. *Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған жазбаша сөйлеу тілінің бұзылысын түзету-логопедиялық жұмысының ғылыми-әдістемелік негіздері*, //Хабаршы. Абай атындағы ҚазҰПУ, «Арнайы педагогика» сериясы №2 (41), 2015

Резюме

В статье рассматриваются вопросы обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями развития с казахским языком обучения.

Ключевые слова: специальное образование, дети с нарушениями речи, слуха и зрения, нарушения устной и письменной речи

Summary

Questions of educating and training of children with limit possibilities of development with Kazakh language of educating are discussed In the article.

Keywords: special education, children with violations of the speech, hearing and sight, violation of oral and written language

III. МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОВР

УДК: 376-056.263

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕКТЕПТЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІН АНЫҚТАУ

Бекбаева З.Н. – п.ғ.к. аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Арнайы білім беру кафедрасы,
ғылыми жетекші kaznauzake@mail.ru

Бозтай А.С. – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 6М010500 «Дефектология» мамандығының II-курс
магистранты sell601@mail.ru

MORAL EDUCATION OF CHILDREN WITH A HEARING DISORDER.

Z.N Bekbaeva, A.S Boztai – *Kazakh National pedagogical university named after Abay/ Almaty.
Republic of Kazakhstan*

Бұл мақалада есту қабілеті зақымдалған балаларға адамгершілік тәрбиенің ерекшеліктері мен маңызы қарастырылған. Адамгершілік тәрбиені жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдері қарастырылған. Адамгершілік тәрбие дегеніміз – бұл мақсатқа бағытталған адам тұлғасын толық қалыптастыру.

Негізгі жалпы адамгершілік моральдық жағдайлар мындаған жылдар бойы, халық әлеуметтік қанауды және моральдық кемістіктерді жоюда адамгершілік тәрбиені қалыптастырған. Халықтар арасындағы сияқты, жеке адамдар арасындағы қарым қатынасқа түсуде өмірлік ережелердің бұзылмауы жай ғана қарапайым мораль мен әділеттілік ережелерге сүйеніп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда

Түйін сөздер: есту қабілеті зақымдалған оқушы, адамгершілік тәрбие, бағдарлама, еңбек.

Есту қабілеті зақымдалған балаларда адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда түрлі қиыншылықтар кездеседі.

Ерте жаста есту қабілеті зақымдалған оқушыларда сөйлеу тілінің кеш дамуына байланысты қоршаған ортамен қарым қатынасқа түсу қиын болып келеді. Сонымен қатар, естуінеде кемістігі бар балалар қоршаған ортадағы сөздік қарым қатынастан шектеледі, ұжымдық ойындарға қатыспайды. Бұл ұжымдық әрекетте қажетті адамгершілік қасиеттердің жеткіліксіз дамуына әкеледі.

Осы категориядағы оқушылардың қарым-қатынасқа түсудегі шектеу, сондай-ақ кейбір оқшаулану, адам ойын анық түсінбеу, өз қалауы мен қажеттілігін түсіндіре алмау, еститін адамдармен қарым қатынасқа түсу барысында сенімсіздік, ошпенділік сезімін туғызады. Өшпенділік сезімі еститін адамдардың өріс қылық көрсету барысында аса түседі.

Егер үлкендер, ұстаздар есту қабілеті зақымдалған балаларды тәрбиелеуде және оқытуда еститін адамдармен қарым қатынасқа түсуді дұрыс ұйымдастырып, үйретпесе, олардың мінез құлықтарында көбнесе қорқыныш, ашуланшақ, тұйықтық және т.б. сезімдері пайда болады.

Мұндай балаларды оқытуда арнайы түзету сабақтары жүргізілмесе, олар ұжымдық жұмыс, көмек қолын созу, қызығушылық таныту, достасу, мақсатқа жету сияқты қарапайым жеке қасиеттері дамымайды.

Осы категориядағы бала басқа адамдардың өмірге қатысты моральдық қасиеттерді сөз қылуы, балаларға арналған радио бағдарламаларды, үлкендердің тәрбиелік мақсатта айтылған әңгімелерді естімейді. Сонымен қатар, өз құрдастарымен салыстырғанда олар үнемі даму барысында артта қалып қояды.

Мұндай балалардың адамгершілік қасиеттерін дамытуда, оларға ұнайтын әрекеттерді қолдану: білімге деген құштарлық, еңбексүйгіштік, ұнайтын адамдарға ұқсауы.

Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектептерде адамгершілік тәрбиені үйретудің міндеттері мен ерекшеліктері: бала мектепке алғаш келген сәттен бастап, мектеп ұжымындағы тәртіп дағдылары мен еңбек дағдыларын қалыптастыру әрекеті жүзеге асырылады.

Еңбекке және оқуға деген қырым - қатынасын күнделікті оқыту тәрбиелеу процесінде жүзеге асыру қажет.

Бұл, біріншіден, тапсырманы орындауда жауапкершілік сезімін тудырады. Бастапқы кезеңде сурдопедагог пен тәрбиеші тәжірибе жүзінде берілген тапсырманы дұрыс, жақсы және адал

орындатуға үйретуді мақсатқа алады, сол тапсырмаларды орындау барысында бала өмірлік тәжірибие жинап, адамгершілік тәрбиенің алғашқы баспалдағымен көтеріле бастайды.

Екіншіден, еңбекке және оқуға деген қарым - қатынасы тапсырманы нақты және тыңғылықты орындауға негізделеді. Бұл кезде тәрбиеші мен педагог бала қандай тапсырманы өз бетімен орындай алады немесе орындай алмайтынын анықтап, білмейтін дағдыларын дұрыс және тыңғылықты орындауға үйретеді.

Үшіншіден, ұжыммен, ұжымда, ұжым үшін жұмыс жасай білуі және талпынысы берілген қарым - қатынасты құруға арналған. Алғашында бұл жұмыс сынып ұжымына арналса, кейін мектеп ұжымы, соңында Отанына арналады.

Тәрбиеші ұжымдық жұмыс жасауда, жұмысқа деген қызығушылықтарын арттыра отырып, жұмыстың мақсаты мен міндеттерін дұрыс ұйымдастыруы қажет.

Педагог оқушыларды тәрбиелеуде мынандай міндеттерді алға қояды: өз білімін көрсете білу, өз білімдерімен дұрыс бөлісе білу, қиын кезеңде көмек қолын созу, қателерін түзеп көмектесу арқылы моральдық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру.

Сурдопедагог пен тәрбиешінің міндеттерінің бірі, жұмыстың жақсы жақтары мен олардың қортындысын мақсатты түрде қызығушылықтарын танытатындай көрсете білу. Оқушыларды оқыта отырып, олардың еңбектерін басқара отырып, сыныптан тыс мерекелерді ұйымдастыра келе оқушылардың тәрбиесінде адамгершілік сезімін оятады.

Тәрбиеленушілердің сөйлеу тілінің дамуы мен ойлау қабілетінің деңгейлерін ескере отырып, сурдопедагог олардың сөздік қорын байыта отырып, қажетті түсініктерді қалыптастыра келе, көркем туындыларды оқуға және олардың мағынасын түсінуге үйрете отырып, әңгімелесудің түрін дұрыс ұйымдастыру қажет. Кезкелген көркем туындыларды немесе үзінділерді оқыту барысында, сурдопедагог адамгершілік тәрбиенің міндеттерін орындау керек екендігін естен шығармауы қажет.

Қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынасқа түсу кезінде, оқыту мен тәрбиелеу процесі кезінде адамгершілік тәрбиенің тұлғалық қасиеті қалыптасады. Осы қасиеттер дағды, әдет, адамгершіліктік тәжірибие негізінде бірінші орында жүзеге асырылады. Сонымен қатар, адамгершілік-тілік сезімдерді дамытуда, елестету мен түсіну негізінде орындалады.

Адамгершілік тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттерімен тікелей байланысты. Бұл мазмұн тәрбиешінің жұмысы мен жүйелік бағдарламада көрсетілуі қажет. Бұл бағдарламалар педагог және тәрбиеші, мектеп басшыларымен бекітіліп құрастырылуы қажет. Бұл бағдарламалардың мазмұны жалпы мектеп бағдарламасының негізінде, есту қабілеті зақымдалған балалардың ерекшеліктеріне байланысты құрастырылуы қажет.

Есту қабілеті зақымдалған балалар мектепке алғаш келгенде, сөйлеу тілі дамымаған немесе мүлдем дамымаған болып келеді. Сонымен қатар, олар ненің дұрыс, ненің бұрыс әрекет екенін білмейді, қоршаған әлем туралы түсініктері мүлдем дамымаған, жүйке жүйелері нашар болып келеді.

Сондықтан бала алғаш мектепке келгенде өзін сыныпта, дәліздерде, өз заттары мен мектеп құралдарын дұрыс ұстай білуге, өз сыныптастары мен үлкендермен қарым - қатынасқа дұрыс түсе білуге үйренуі қажет.

Оқыту мен тәрбиелеу барысында педагог маманы, баланы өзін дұрыс ұстауға, әділетті болуға, ақкөңіл сезімін білдіруге, сыныптастары мен ұстаздарға көмектесуге үйрету керек. Бірлесіп атқарылатын жұмыстарды (сыныптық, сыныптан тыс) орындауда көмек көрсете білуі қажет.

Балаларда оқуға және еңбекке деген қалыпты көзқарасты тудыру жұмыс жоспарына кіреді. Барлық оқушылар бірге, жеке және күнделікті берілген тапсырмаларды ақылға сай, әділетті орындау қажет. Сонымен қатар қоғамдық және мектепшілік тапсырмаларды да орындауға қызығушылықтарын туғызу мектеп педагогтарының алдына қойған мақсаттарының бірі болуы қажет. Сонымен қатар, педагогтар мен тәрбиешілер балалардың әрекеттері мен тапсырмаларды орындауларын бақылап, талқылай келе, оларды мақтау арқылы немесе қателіктерін түзету арқылы балаларда адамгершілік сезімімен қатар, еңбекке деген сүйіспеншілік және жауапкершілік сезімдерін туғызады. Естімейтін балаларды еңбек сабағында дұрыс жан-жақты дамыту арқылы қоғамға қосу әр сурдопедагог маманының алға қойған мақсаттарының бірі болуы қажет. Осы топтағы балаларда еңбек сабағына аса зор көңіл аударылады. Жалпы айта келгенде, еңбек пәні және тағы басқа оқыту пәндері өзара бір-бірімен тығыз байланысты, себебі баланың танымдық процестерін және жан-жақты дамыту арқылы біз оларды қоғамға қосуға мүмкіндік жасауымыз қажет.

Тәрбиешілер мен педагогтар бірлесе келе оқушылардың қоғамдық іс-шараларға белсене қатысуын жоспарлайды. Берілген тапсырма түрі балалардың орындауында қиыншылық туғызбайтындай,

орындай алатындай етіп ұйымдастыра келе, тапсырманы орындау қортындысы балаға айтылып, қоғамдағы адамдармен бағалануы қажет.

Берілген тапсырмаларды дұрыс ұйымдастыру және олардың міндеттерін дұрыс бағыттау білу арқылы, мақсатты түрде балалар тапсырмаларды орындау барысында ұжымдық, досық қасиеттерінің дамуы қалыптасады. Мектеп және қоғамдық жұмыстарға балаларды араластыру арқылы, балада Отан сүйгіштік сезімдерін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылады.

Есту қабілеті зақымдалған балаларда сөйлеу тілін және ойлау процестерін дамытумен қатар, эстетикалық әңгімелесулерді кірістіру оқу жоспарында жоспарлануы қажет. Сонымен қатар, адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда көркем әңгімелерді оқытуда, берілген кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің жағымды және жағымсыз жақтарын талқылау арқылы жүзеге асыруға болады.

Адамгершілік тәрбиені сәтті жүргізу үшін, оқушылардың әрекеті мен өмірін қатаң және нақты түрде ұйымдастыру қажет. Арнайы мектеп ұжымы адамгершілік тәрбиені атқару үшін арнайы жағдай жасауы керек. Сонымен қатар, күн тәртібін құрастыру және сол тәртіпті қадағалау қажет. Әр оқушы күн тәртібін уақытты орындау арқылы, оларда оны сақтауда жауапкершілік сезімі пайда болады. Ережелерді сақтау арқылы қажетті әдеттер жиынтығы пайда бола бастайды. Күн тәртібін қадағалау процессі барысында ұқыптылық, ұйымдастырушылық және ұжымшылдық қасиеттері тәрбиеленеді. Уақыт келе оқушылар ұйымдастырылған жұмысты уақытылы орындау олардың жұмыстарын жеңілдететініне көздері жетеді. Оқу процесі, сыныптан тыс, мектептен тыс ұйымдастырылған жұмыстар нақты анықталған жағдай барысында жүргізілуі тиіс. Егер оқушы сөздік бұйрықтарды түсінбесе, онда оған нені қай уақытта жасау қажеттілігі туралы ұсыныстарды көрсету қажет.

Алғашқы кезеңдерде ережелерді елестету және қалыпты тәртіпті орындау барысында оқушылар сөздік түсіндірмелі бұйрықтарды түсінбесе, олар өздерінің мұғалімдері мен тәрбиешілеріне ұқсау арқылы орындауы мүмкін. Мектеп қабырғаларында олар басқа бөтен адамдармен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі болмағандықтан, олар өздерінің тәрбиешілеріне ұқсауға тырысады. Сол арқылы оларда алғашқы өзін дұрыс ұстауға байланысты дағдылардың алғашқы этаптары қалыптаса бастайды. Сонымен қатар, осы кезеңді орындау үшін міндетті түрде тәрбиеші ұстануға лайықты үлгі болуы қажет. Көбінесе оқушылар өздеріне ұнайтын және сыйлайтын тәрбиешілер мен педагогтарға ұқсағысы келеді. Педагог үлгісі мен авторитеті оның атқаратын жұмысында көрсетіледі, егер педагог өз жұмысын жақсы көрсе, балаларға мейрімді және сонымен қатар, қатал болуы мен адал әрекеттері, өз жұмысын тыңғылықты орындауы, тәрбиелік оқыту жұмысын дұрыс ұйымдастыра білуі лайықты үлгі болуға және балалардың педагог бойындағы осы қасиеттерді байқауы жалпы оқыту процессі барысында орындалады. Бастауыш сынып оқушылары көркем әдебиеттердің мазмұнын дұрыс түсінбегендіктен, оларға мимикалық әрекеттерді көрсете отырып, кейіпкер әрекетін сомдау арқылы түсіндіруге болады.

Қорыта келгенде, естімейтін оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу түрлі жұмыстардың, мектеп қабырғасында көптеген іс-шаралардың, күн тәртібін қадағалау және еңбекке оқыту барысында, жалпы түрлі психологиялық сезімдеріне әсер ете отырып дамытуға болады. Осы берілген тапсырмалар түрі арқылы естуінде кемістігі бар балаларды қоғамнан шектетпей, оларды тең құқылы өмір сүруге тәрбиелеу арқылы қоғамға қосу әр азаматтың міндеті болып табылады.

1 Андреева Л.В. «Сурдопедагогика». - М., 2005. - 352с

2 Богданова О.С. «Беседы о нравственном воспитании». - М.: Просвещение, 1999. - 143 с.

3 Под редакцией проф. А.И.Дьячкова «Сурдопедагогика». - М., 1963. - 231 с.

4 Божович Л.И. «О нравственном воспитании и развитии детей» вопросы психологии – 1975г - №1 – с 13-15.

5 Денисова И.А. Специальные приемы использования информационных технологий в работе с детьми с ОВР, интегрированными в общеобразовательный процесс (научный проект). //Вестник Хабаршы КазНПУ имени Абая. - №3. - 2014. - С.73-101.

Резюме

В этой статье рассматриваются вопросы нравственного воспитания детей с нарушениями слуха.

Ключевые слова: нравственное воспитание, программа, дети с нарушениями слуха, труд.

Summary

The article discusses the moral education of children with hearing impairments.

Keywords: moral education, hearing impairments, program, work.

УДК 376.927

ОБ ОРГАНИЗАЦИИ И СОДЕРЖАНИИ КОРРЕКЦИОННОЙ РИТМИКИ КАК УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА

И.А.Денисова – к.п.н, ст.преподаватель кафедры Специального образования Казахского
Национального педагогического университета имени Абая. Алматы. Казахстан
irenadenisova@mail.ru

ABOUT THE ORGANIZATION AND THE CONTENT OF CORRECTIONAL RHYTHMICS AS SCHOOL SUBJECT

I.A. Denisova – *Kazakh National pedagogical university named after Abay. Almaty. Republic of Kazakhstan*

У детей с ограниченными возможностями в развитии (ОВР) наблюдается спастичность или вялость лицевой или артикуляционной мускулатуры, малодифференцированная скудная мимика, невыразительные жесты, что резко снижает их возможности детей к формированию коммуникативной компетентности и социальной адаптации. Введение в Типовой учебный план коррекционных школ Республики Казахстан специального предмета «Коррекционная ритмика», основное содержание которого составляет двигательная деятельность в сочетании со словом и музыкой, призвано способствовать коррекции и развитию двигательной сферы, интеллектуальных и сенсорных возможностей детей с психофизическими нарушениями, - то есть преодолению их первичного дефекта. Но, одновременно с этим, Коррекционная ритмика как учебный предмет имеет целью развитие эмоционально-волевой сферы детей.

Статья посвящена разработке тематических, методических и организационных аспектов уроков коррекционной ритмики в специальной школе, - на примере школ (классов) для детей с тяжелыми нарушениями речи, в связи с утверждением и введением в действие новых Типовых специальных образовательных учебных программ. (Утверждены приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от «3» апреля 2013 г. № 115. Приложения 145, 146, 147). Материал статьи, надеемся, поможет учителям начальных классов в организации уроков по этому предмету, имея в виду, что, согласно данным мониторинга, проведенного Национальным научно-практическим центром коррекционной педагогики РК, сегодня высшее педагогическое образование по специальности «5В 010500-Дефектология» имеют не более 37 % педагогов, работающих с детьми с ОВР [1].

Ключевые слова: дети с тяжелыми нарушениями речи, Образовательная программа, коррекционная ритмика, урок, речевая работа.

Среди ожидаемых результатов ритмического воспитания детей с ОВР – средствами музыкального искусства развивать у ребят эстетические чувства, правильное представление о прекрасном, эмоциональность, расширять их знания из области этикета, воспитывать культурные привычки. Эмоциональность учителя ритмики обеспечивает импульс для достижения этих целей. Учитель ритмики должен стать творческим лидером. Он сам должен стремиться к творчеству, стремиться к движению вперед. И, если он испытывает восхищение перед миром, работает над собой, то это движение будет!

Знания и впечатления, полученные детьми на уроке, должны остаться на всю жизнь, должны принести одновременно и пользу, и удовольствие. Это возможно только в одном случае: если учитель превращает свой учебный кабинет в творческую мастерскую. К сожалению, согласно нашим наблюдениям, творческие задания на уроках ритмики в специальных школах и классах для детей с ОВР (ограниченными возможностями в развитии) занимают менее 10% учебного времени.

Для урока ритмики психологическая, коррекционно-техническая, интеллектуальная, профессиональная подготовка недостаточны. Необходимо подготовиться к уроку еще и эмоционально. Особенно важно в эмоциональной стороне профессионального мастерства учителя ритмики умение найти верный тон урока. Это одна из сложнейших задач подготовки учителя в настоящее время, но она может успешно решаться через формирование у учителя элементов актерского мастерства.

Согласно программе по коррекционной ритмике, дети с ОВР, соприкасаясь с музыкально-ритмическим материалом, приучаются чувствовать настроение, мысли и эмоции других людей[2]. Эмоциональная отзывчивость – одно из базовых коммуникативных качеств, которым специальная школа должна вооружить ребенка, выпуская его в большой мир, в социум. Слушание музыкальных отрывков и целых произведений, последующее обсуждение прослушанного с точки зрения изобразительных средств (темпа, ритма, динамики, характера, настроения) приобщают детей с ОВР к миру

мыслей и чувств, к миру человеческих взаимодействий. Любое воспитание – триединый процесс, состоящий из воздействия на мыслительную, духовную и поведенческую сферу ребенка. Невозможно сформировать правильное поведение, культурные привычки, не проникнув в душу и разум ребенка. В некотором смысле урок ритмики можно рассматривать как неиссякаемый ресурсный центр духовного развития ребенка. Есть условия и средства: красиво обставленный просторный и светлый кабинет, зеркала, специальная форма, которая подчеркивает всю красоту точных и координированных движений, необходимость соблюдать бальный этикет при отработке танцевальных элементов, красивая ритмичная музыка, интересные оригинальные упражнения, объединяющие движение, музыку и слово в единый ритм. Но для того, чтобы все эти средства стали эффективными, возымели коррекционное воздействие, необходимы усилия учителя. Полезным для него может быть один из известных в театральной педагогике приемов, получивший название “прием отождествления”, то есть слияние своего “я” с образом, мыслью, которую необходимо раскрыть в изучаемом и/или обсуждаемом произведении. Этот прием предполагает не только большую предварительную работу над музыкальным и танцевальным произведением (знание эпохи, истории создания, художественного и мировоззренческого контекстов и т.д.), но и естественное органическое “проживание” педагогом художественного образа этого произведения. Только тогда возможно истинное общение между детьми и учителем.

Для учителя коррекционной ритмики чрезвычайно важно уметь быть выразительным во всех своих проявлениях, уметь находить адекватную внешнюю форму выражения переживаемых им чувств, эмоций. Поэтому педагогу необходимо научиться не бояться определять словами, выразительными движениями, мимикой содержание каждого из предлагаемых заданий. При этом надо постоянно помнить о том, что обойтись одним чувством нельзя, необходимо интеллектуально, технически, изучить ритмический материал. “Если нет материала, чувству не во что излиться” (С.Волконский, [3].) Эмоциональное начало должно органично соединиться в мастерстве педагога-ритмиста с аналитическими и коррекционно-педагогическими, дефектологическими способностями.

Для предмета “Коррекционная ритмика” общение – одно из центральных понятий. Это, прежде всего, взаимодействие учителя и учеников, имеющее особую эмоционально-содержательную окраску. Общение на уроке ритмики можно определить и как совместную творческую деятельность учащихся и учителя, направленную на раскрытие жизненного содержания музыки, поэтического текста, танцевального элемента с опытом нравственных отношений, заложенным в ритмическом материале. Многообразная палитра взаимоотношений предстает на уроке: между

- музыкой, движением, речью, учителем и учениками;
- учителем и учениками;
- детьми в коллективных формах деятельности.

Согласно Программе по коррекционной ритмике для детей с тяжелыми нарушениями речи (Приказ МОН №115 от 09.04.2013), примерно половина материала, который отрабатывается на уроке, должна быть связана с музыкой. В этом и состоит основной коррекционный и терапевтический эффект ритмики как метода: речевой ритм как наиболее пораженное звено ритмической системы ребенка идет вслед за наиболее сохранным музыкально-ритмическим чувством, подстраиваясь под него и совершенствуясь. Таким образом, чтобы сохранить целесообразность ритмики как коррекционного предмета, нужно воспитывать в ребятах с самого начала занятий умение слышать музыку и размышлять о ней. Уже на первом уроке первого года обучения в классе должен быть установлен непреложный закон: когда в классе звучит музыка или идет демонстрация танца, ни один из ребят не должен поднимать руки или говорить. При этом необходимо, чтобы дети сразу же поняли, что они должны выполнять этот закон не потому, что того требует дисциплина, а потому, что когда звучит музыка, только внимательно следя за ее звучанием, можно глубоко воспринять ее и по-настоящему понять. Учиться слышать музыку, видеть и понимать танец или произведения устного жанра и чувствовать их ритм учащиеся должны непрерывно на протяжении всего урока: и во время пения, и во время игры на инструментах, и при обыгрывании психогимнастических сюжетов дети присматриваются и прислушиваются к учителю и друг другу. Это требует от детей с нарушением слухового внимания немалых усилий. Понимая проблему развития слухового восприятия, педагог на протяжении всех годов обучения побуждает детей прислушиваться к звучащей музыке и речи.

Особый вопрос о программной музыке. Учащиеся с ТНР легко усваивают не программную музыку, а программные заглавия. В этих случаях программа не только не активизирует музыкальное восприятие детей, но зачастую парализует его. Для творческого развития детей, играя или ставя им

программную музыку (пьесы, песни-пляски), не нужно сообщать предварительно ее названия, пусть они сначала определяют характер самой музыки, темп, ритм, настроение попытаются дать ей свое название, исходя из того, что ими было услышано, почувствовано и осмыслено. Конечно, детям с ограниченными возможностями в развитии будет трудно выразить свои чувства и ощущения в словах.

Для лучшей реализации эмоционально-творческой составляющей урока педагог-ритмист должен идеально организовать его обязательные технические компоненты, предусмотренные Программой. Мы имеем в виду, главным образом, словарную работу. Следует сказать особо о *речевой работе* на уроке ритмики. У детей с ТНР, вследствие недостаточности речемыслительной деятельности, страдает процесс формирования языковых умений и навыков, программных теоретических знаний по Ритмике. В результате у них не формируются обобщенные представления о закономерностях построения высказывания, неясным остается значение терминов. Не полноценная речевая деятельность накладывает отпечаток и на формирование сенсорной, интеллектуальной и эмоционально-волевой сфер [4]. Качественная и количественная ограниченность круга понимаемых слов (особенно абстрактной семантики, таких, например, как «ритм», «настроение» или «характер») является значительным препятствием в проведении такого вида работы, как слушание музыки с последующим анализом. Учителя, работающие с детьми с ТНР, знают, что для этих детей характерна затрудненность спонтанного обогащения словаря специальными предметными терминами. Неустойчива и ограничена их вербальная память: дети испытывают затруднения при запоминании словесного предметного материала по ритмике. Но им в этом можно и нужно помочь! Нельзя перегружать речь, «перекармливать словами» детей на уроке ритмики. Качество и объем лексической работы определяется степенью его востребованности в жизни. Например, такое слово как, «припадание» отрабатывается только на одном-двух уроках и не является обязательным для запоминания, а вот глагол «приглашать (к) танцу, пению, игре» востребован на каждом занятии, так как широко используется в жизни.

Наряду с семантическим толкованием, проводится грамматическая работа над словом - при условии полного усвоения предметно-практического смысла термина. Если это глагол, то его спрягают (изменяют по лицам и числам), если существительное с прилагательным - то отрабатывают парадигму словоизменения – по падежам. Учителя – предметники, ведущие уроки физкультуры и музыки, для обеспечения межпредметной связи, предоставляют ритмисту минимальный объем обязательной предметной лексики, уже отработанной на их уроках: музыкальные термины, тексты песен-плясок, слова и выражения, обозначающие движения и позиции - с указанием сроков прохождения. Это помогает педагогу-ритмисту оптимизировать временные затраты. При изучении программной ритмической лексики обязательно используется зрительная опора: таблицы, схемы - для фронтальной и индивидуальной работы. На них всё написано

- крупно;
- четко;
- с обозначением ударения;
- при сложной структуре слова или выражения - с разбивкой на слоги.

Есть ряд условий, которым должна отвечать речевая работа.

- Базовый словарь всегда перед глазами детей.
- При толковании слов использовать фразеологизмы, поговорки, аналогии, понятийный багаж и чувственный опыт учащихся.

Так, например, объясняя смысл слова «обаятельный» (которое дети, как правило, смешивают со словом «обонятельный»), следует обратиться к этимологии: «обаять» созвучно и родственно словам «баить», «убаюкивать». Здесь следует попросить детей продемонстрировать, как мать убаюкивает младенца или девочка убаюкивает куклу. А потом объяснить, что обаятельный человек-это тот, у кого спокойная, милая, приятная внешность. Его манеры успокаивают и умиротворяют тех, кто с ним общается (образ Кота Баюна). Употребляя глаголы и существительные с приставкой «при» (приседать, припадание, притоп, прихлоп), учитель разъясняет её грамматическое значение: неполнота действия.

Организуется лексическая работа с терминами по определенной схеме:

- 1) объяснение смысла учителем
- 2) упражнение в правильном проговаривании
- 3) подборка словесных эквивалентов, паронимов и антонимов

- 4) работа с формами слова
- 5) работа над многозначностью
- 6) проведение приемов по запоминанию (мнемотехника).

Педагогу-ритмисту надо учитывать, что, согласно современным требованиям, основное внимание в процессе речевой работы следует уделять глаголам-омонимам. Например, глагол «бежать» имеет целый ряд оттенков прямых и переносных значений: бежит человек, бежит река, бежит время...)

Если учитель будет соблюдать эти требования, то речевая, знаниевая, работа на уроке будет организована четко и эффективно, а, значит, освободятся силы и время для творческой деятельности.

Желание высказать свои мысли и чувства не может появиться у ребят, если нет интереса к уроку и к ритму вообще. Учитель должен создать атмосферу доверия, доброжелательности – беседы и дискуссии по инициативе самих ребят возникают на уроках тогда, когда у них пробуждается желание высказаться, когда они чувствуют необходимость общения с учителем.

Средства активизации детских возможностей на уроке ритмики могут быть самыми различными. Попевки, двигательные этюды, импровизация, голосовые игры, игра на музыкальных инструментах, пластическое интонирование, ходьба, марширование, подскоки, наклоны, хлопки, интересный подбор репертуара. Помня о принципе соединения эмоционального и технико-интеллектуального компонентов в структуре урока ритмики, нельзя не сказать о другой группе средств. Эту группу составляют задания на активизацию слухового и зрительного внимания, памяти, мышления, то есть на развитие психологической базы речи: поднятие руки при смене мелодии, частей, состава исполнителей, вступления инструментов, создание ритмических рисунков и раскрашивание под счет и ритмичную музыку, речеритмические упражнения, словесное высказывание о музыке, смена направления движения по зрительному сигналу, элементы сценического (пародийного) движения. Для этих упражнений используются такие формы: инсценирование, учебно-игровая деятельность, использование дискуссионного метода ведения урока, сочинения, рассказы, сказки как учителя, так и учащихся.

Вызываемая учителем активность класса может служить одним из важнейших критериев его педагогического мастерства. Активность эта, конечно, не исчерпывается количеством, быстротой и даже содержательностью ответов на поставленный вопрос. Все формы коррекционно-ритмических занятий в школе должны способствовать творческому развитию учащихся, т.е. вырабатывать в них стремление к самостоятельному мышлению, к проявлению собственной инициативы, стремление сделать что-то свое, новое, лучшее. Большое внимание уделяется слову о музыке, т.к. значение словесного метода в ритмическом воспитании очень велико. Слово о музыке должно быть ярким, образным, но предельно точным, направленным на творческую фантазию ребенка. Прослушана музыка или стихи, просмотрен танец, задан вопрос – и нет ответа. Не торопитесь с подсказкой. Опираясь на музыкальный и жизненный опыт детей, вместе с ними ищите художественно-образные связи содержания данного произведения с живописью, литературой, природой, жизнью. Дети прочувствуют, осознают и ответят. Более того, учитывая специфику урока, используйте не только вопрос как традиционную форму общения, а высказывание-раздумье, высказывание-проблему, высказывание-отношение. Некоторых учеников трудно привлечь к общему разговору на уроке. Самолюбие, порой болезненно проявляющееся в подростковом возрасте, заниженная самооценка сковывает таких ребят, они стесняются выражать свои мысли, боясь выглядеть неловкими и смешными. Фиксируются на своем дефекте. Относитесь к ним с особым вниманием, терпением, поощряйте их попытки высказаться о музыке, танце, ритме.

Размышляя о характере песни «Сунок» Л.Бетховена, дети, используя ориентировочные карточки, отвечают сначала одним индикативным словом: «Грустная, нежная, спокойная, тихая, медленная», - о мелодии; «ласковый, красивый, маленький», - о Зверьке; «бедный, бледный худой, голодный, но с ясными глазами», - о Шарманщике, - с опорой на иллюстрацию. Но затем, используя модели, графические схемы и образцы, формулируют целые фразы, выражающие ощущение содержания и личное эмоциональное отношение к прослушанному: « Это очень печальная песня. Мне жаль бедного одинокого шарманщика». А после обсуждения дать прослушать песню, - на стихи И.-В.Гете и сравнить содержание текста с теми представлениями, что возникли у детей при прослушивании. Фразовая речь «по следам прослушанного» отрабатывается на каждом уроке. Все дети находятся под воздействием звучащей музыки: они вместе творят, воссоздают ее образ, раскрывая свое отношение. При этом замечательно, если коллективное размышление будут «собирать» сами дети. Т.е. не учитель объединит то, что они сказали, а кто-то из учеников.

Преобладание коллективных форм работы на уроке ритмики создает объективные предпосылки для глубокого всестороннего личностного общения детей, взаимовлияния их друг на друга. Вот почему необходимо чувствовать, понимать и сохранять индивидуальность, неповторимость каждого ребенка.

Важно не только содержание, но и интонации речи ученика с ТНР. Речевая интонация, тесно связанная с проявлениями психической жизни ребенка, дает возможность услышать много интересного. Уже в самой эмоциональной окрашенности речи – восхищении, радости, равнодушии, раздраженности выражается отношение ребенка к музыке, к нравственной проблеме. Очень важно наблюдать за развитием образности и интонационной выразительности речи ученика на уроке.

Еще одна форма свободного творческого проявления личности ребенка, его интересов и склонностей - это ведение “Дневника музыкальных впечатлений”, где дети отражают свои размышления, описывают свои чувства и эмоции. Дети его заводят с третьего класса и ведут под руководством воспитателя во внеурочное время. В начале чувствуется скованность и ограниченность мыслей, но, чтобы помочь ребятам, можно дать им план, в котором есть вопросы об авторе произведения, истории танца, о содержании басни. Такие домашние задания способствуют появлению интереса к урокам ритмики. Дети очень любят выразить свои впечатления от музыки в рисунках, стихах, рассказах. А если говорить о детях с заиканием, то такая работа по ведению Дневника музыкальных впечатлений - необходимый элемент комплексной коррекции речи на первом этапе: в период молчания или при выполнении Режимы ограничения речи.

Постепенно накапливая и сопоставляя свои впечатления, музыкально-слуховые представления, двигательноритмические умения, полученные в процессе ритмического воспитания, ребенок с ОВР становится более чувствительным к красоте вокруг себя, более раскрепощенным и активным, что благотворно сказывается на результатах коррекционно-речевой работы.

1 А.Т. Баймуратова О состоянии и проблемах кадрового обеспечения специальных (коррекционных) школ в Республике Казахстан // Вестник Хабаршы КазНПУ имени Абая. - №3. - 2015. - С39-45

2 Типовые специальные образовательные учебные программы для детей с тяжелыми нарушениями речи Астана-Алматы 2015 г/ Утверждены приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от «3» апреля 2013 г. № 115. Приложения 145, 146, 147 <http://edu.gov.kz/ru/documents/tipovaya-uchebnaya-programma>

3 К.С. Станиславский. Этика. - М., 1947. - <http://tululu.org/read14266/>

4 Лубовский В.В. Общезаконности психического дизонтогенеза в кн. Хрестоматия. Дети с нарушениями в развитии. Сост. В.М. Астанов. - М., 1995.

5 Irina Denissova. Modern means of organization of correctional-rhythmic upbringing of children with SEN (special educational needs). // Вестник Хабаршы КазНПУ имени Абая. - №2. - 2014. - С.64-67.

Түйін

Бұл мақалада кіші сыныптағы ән сабақтарындағы эмоциналдық тәрбиенің маңыздылығы айтылған. Автор кіші сынып оқушыларын эстетикалық тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін ашқан.

Түйінді сөздер: музыка, ырғақ, шығармашылық, сезімдік компонент, мүмкіндіктері шектеулі балалар

Summary

The main role of teacher's preparation for rhythmic lessons in elementary school is discovered in the article. The author tells about forms and means of correction-rhythmic education of 1-4form-pupils.

Keywords: children with heavy violations of the speech, the Educational program, correctional rhythmic, a lesson, speech work

УДК: 376.3

СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЛОГОБЫРҒАҚТЫ ЖАТТЫҒУЛАР.

М.М.Рахимова – Абай атындағы ҚазҰПУ Арнайы білім беру кафедрасының магистр, аға оқытушысы. maiya07.84@mail.ru

LOGORHITMIC EXERCISES FOR CHILDREN WITH VIOLATIONS OF THE SPEECH

M.M.Rakhimova – *Kazakh National pedagogical university named after Abai Almaty, Republic of Kazakhstan*

Сөйлеу тілдің дамуы және жалпы, ұсақ және артикуляциялық моториканың қалыптасуы арасындағы өзара байланыс қандай ролде екені мұғалім-логопедке мәлім. Қимыл-қозғалыс аппараты сөйлеу тілді белсендіретін фактор болып табылады және балалардың жүйке – психикалық үрдістерінің қалыптасуына жәрдемдеседі. Сондықтан сөйлеу тілін түзету жұмысында логопедиялық ырғақты жаттығуларды қолданудың тиімділігі артуда. Қимыл-қозғалыс және сөйлеу тілдің байланысы бұлшық ет тонусын қалыпқа келтіреді, көңіл-күйлік және қимылдың ыңғайсыздығынан босатады, тыныс алу, артикуляция үрдістерінің координациясына, сөйлеу тіл ырғағының реттелуіне жәрдемдеседі.

Түйін сөздер: логопедиялық ырғақ, метр, темп, жартылық нота, ширек, әуенді ырғақты сезіну.

Сөйлеу тіл – есту және көру қызметтердің, сонымен қатар қимыл-қозғалыс дағдыларының қалыптасуын қажет ететін қызметтің бір түрі болып табылады. И.М.Сеченовтың айтуы бойынша «кез-келген сезінулер табиғаты бойынша аралас болып келеді... Оларға бұлшық еттік сезінулер қосылады, олар басқалармен салыстырғанда күшті болып табылады».

Сөйлеу тілдің дамуы және жалпы, ұсақ және артикуляциялық моториканың қалыптасуы арасындағы өзара байланыс көптеген авторлармен айтылып келеді. Қимыл-қозғалыс аппараты сөйлеу тілді белсендіретін фактор болып табылады және балалардың жүйке – психикалық үрдістерінің қалыптасуында бастапқы рөлге ие. Сөйлеу тілдің ең маңызды сипаттамасының бірі оның ырғақтылығы және жылдамдылығы болып табылады. Буындық сөйлеу тілдің ырғағы бірдей қайталанбалы болып келеді, өзінің механизмі бойынша ол жүріске, тыныс алуға, жүректің қағысына туыстас болып табылады.

Логоырғақты жаттығулар сөйлеу тілді тыныс алудың ырғағы мен жылдамдығының дамуына, артикуляциялық моториканың дамуына, мимикалық бұлшық еттің қатаюына, фонематикалық жүйенің қалыптасуына, сөйлеу тілдің жылдамдықты-ырғақты және әуенді интонациялық сипаттамасының дамуына, қимыл-қозғалыс және сөйлеу тілді сәйкестендіре білуге жәрдемдеседі және кеңістіктік түсініктерінің қалыптасуына жағымды әсер етеді [1].

Логопедиялық ырғақ қимыл-қозғалыс координациясын және сөйлеу тілді түзетуді болжайды. Қимыл-қозғалыс және сөйлеу тілдің байланысы бұлшық ет тонусын қалыпқа келтіреді, көңіл-күйлік және қимылдың ыңғайсыздығынан босатады, тыныс алу, артикуляция үрдістерінің координациясына, сөйлеу тіл ырғағының реттелуіне жәрдемдеседі.

Енді музыкалық әлемнің қысқаша түсінігіне тоқталып өтетін болсақ, музыка ілімінде музыкалық ритмінің екі түсінігі бар: кең және тар түсініктері. Музыкалық ритмнің кең түсінігі музыкалық туындының құрылысын ашу кезінде уақытылы қалыпты құрастыру [3].

Тар түсінігі уақытша заңдылық, дыбыстарды айтудағы ұзықтылығы бойынша ұйымдастыру, сонымен қатар, бірдей және әртүрлі ұзақтығы бойынша ритмикалық бейненің сәйкестенуі.

Ритмикалық бірлік дегеніміз жеке дыбыстар немесе үзілістердің ұзындығы. Сонымен қатар, ритмикалық бейнені жасау барысында үлкен элементтер мотивтер, үзілістер, фактуралық ұяшықтар, вокалды партияның ішінде қайырмалары қолданылады.

Музыкалық ырғақты қабылдаудың үш деңгейі қарастырылады: бірінші деңгейде уақытша дыбыстардың мотивтердің, қысқа фразалардың қатынасы.

Екінші деңгейде тіркестердің, сөйлемдердің, периодтардың үлкен музыкалық үзінділердің уақытша құрылымы беріледі. Үшінші деңгейде толық құрылымы беріледі.

Ырғақты сезіну өмірде сенсорлы ырғақты эталондар жүйесін меңгеру барысында қалыптасады. Бұндай эталонның жеңіл метрі екі, үш, төрт метрлері болып келеді. Эталон темпі орташа, жылдам, баяу темптері болып бөлінеді.

Онтогенезде ритмді сезіну келесідей кезектілік бойынша қалыптасады:

бірінші туындының дыбыстық кезектілігін темпін қабылдау зейіні қадыптасады. Балалар бірінші жылдам темп эталонның, сосын орташа, баяу түрін меңгереді. Сосын екпінді және екпінсіз дыбыстарға қабілеттенеді. Балалардың ырғақтық бейненің эталонын қабылдауы бірдей ұзақтылықты кезектестіру арқылы қабылдайды. Ырғақтылық құрылымының күрделі варианттары осы кезектілік бойынша жүреді.

Логоырғақтық ықпал жасау кезінде сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың онтогенезде музыкалық ырғақ пен жалпы ырғақты сезінуін қалыптастыруын ескеру керек [2].

Оқушыларға төрт, сегіз және жарты нота, оның ішінде сегізден екі ырғақты бейне беріледі. Сосын қимыл ырғағында көрініс тауып автоматтандыру. Осыған сәйкес тірек қимыл аппаратында тырысулар алынып, күшті үнемдеу қимылды жеңіл орындау дамып, орындау сапасы жоғарылайды.

Балалар шеңберде екі-екіден бөлініп, бір-біріне қарап отырады. Әр бір сегізінші бөлшекке, кезек-кезек оң қолымен, сосын сол қолының сұқ саусағымен бір – бірін нұсқайды. 4 тен 1 бөлікке арқасымен бір – біріне бұрылып, енді жаңа көршісімен сол қимылдарды орындайды.

Балалар еденде шеңбер құрап отырады, аяқтары айқастырылған. Жарты нотаға, басының үстінде шапалақ соғады, бірінші ширекте оң қолмен еденды соғады, екінші ширекте сол қолмен еденді соғады. Бастың үстінде шапалақ соққан кезде, қолдарды шетімен жүргізеді.

Балалар жұғылған кірлерді қағып, іледі: бірінші ширекте - кірлерді алады, екінші ширекте - қағады, жартылық нотада – жіпке кірлерді іліп шығады.

Жоғарғы мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға, жануарларға, құстарға еліктеп, әр түрлі құрылым жасап немесе заттармен жұмыс істейтін, көптеген ритмикалық суреттер ұсынылады.

Балалар еденге отырып, құстарды бейнелейді, еліктейді. Екі ширекте, қолдарын иық деңгейінде көтеріп, қанаттармен екі рет қағады. Жартылық нотада, тұрып, қанаттар сияқты, қолдарын кеңінен ашады. Ритмді қайталаған кезде, екі ширекте «қанаттармен» екі рет қағады. Жартылық нотада, еденге қайта түседі.

Балалар «жер қазуда». Бірінші ширекте, белгіленген жерге күректі қоямыз, екінші ширекте күректі аяқпен басамыз, ал жартылық нотада жерді шетке лақтырамыз. Бұл ритмде балалар көкқұтанды бейнелейді. Бірінші екі ширекте екі қадам жүріп, ал жартылық нотада – қадам басқанда тізеден бүгілген, аяғын жоғары көтереді (жекеше орындауда).

Балалар, бірінің артында бірі орындықта отырады. Әр қайсысында екі жалаушадан бар: сол қолында – қызыл түсті, оң қолында – жасыл. Жартылық нотада балалар жалаушаларды басының үстінде айқастырады, бірінші ширекте – иық деңгейінде оң қолын түсіреді, ал екінші ширекте - сол қолын иық деңгейінде түсіреді. Алдымен бұл әрекеттерді бірге орындайды, ал сосын кезектілікпен. Балалар бұл ырғақты жақсы меңгерген кезде, оларға басқа бағыттағы қимылдар ұсынылады. Берілген ырғақты сүрек сақталады.

Балалар тізерлей отырып, құрбақаны бейнелейді, еліктейді; екі ширекте бір жерде тұрып екі рет секіреді, ал бір ширекте алдыға жылжи тұрып, секіреді.

Балалар, тышқадарды бейнелей отырып, сегіздікке майда қадамдармен барады, ал ширекте тоқтап, еңкейіп, қиялдаған қармақты иіскейді.

Балалар шеңберде, қолдарында лентаны ұстап тұрады. Сол шеңбердің ортасында мысық отыр деп елестетеді, сегізден төртте оң жаққа, сол жаққа қимыл жасайды, ал жартылық нотада лентаны жоғары лақтырады.

Егер қимылдық мүмкіндігі болса, сабақ барысында би қимылдары өткізіледі: жұппен, кезектілікпен биге кірісу; әр түрлі топтық құрылыммен байланысты заттармен жұмыс істеу; ритмді аспапта орындау: дабыл, барабан, үшбұрыш.

Балалар шеңберде жұппен қол ұстасып тұр. Бірінші тактіде шеңбер бойынша жүреді. Екіншісінде қолдарын жіберіп орнында оңға қарай айналады. Қайтадан орындау кезінде екінші тактіде жұптар сол жаққа айналады.

Балалар екі қатарға бір- біріне қарама-қарсы 6- 8 қадам аралықта тұрады. Бір қатарда бәрінде жалаушалар бар. Жалаушалары жоқ, екінші қатардағылар бірінші тактіде қолын созып жалаушаны сұрағандай алдыға жүреді. Жалаушалары бар қатар екінші тактіде келіп оларға жалаушаларды береді. Сосын үшінші тактіде екі қатар орындарын ауыстырады. Орнын ауыстырудан кейін, енді жалаушалары жоқ бірінші қатар бастайды.

Жасөспірімдер мен ересектерге арналған жаттығулар қиын құрылымдармен беріледі. Мысалы, ритмикалық ойындар, ұжымдық билер, қимыл мен музаканың тығыз байланысында құрылған ритмикалық билер.

Балалармен, ересектермен ритмикалық ойындар екі қағидамен құрастырылады:

Реттілік пен ретсіздікті көрсетеді, яғни, алдын ала қарастырылған, ұйымдастырылмағаннан, ұйымдастырылған бос қимылға тез ауысу.

«Үшінші артық», әр түрлі құрылымды құрастыру мүмкіндігі және ойын барысында өзгерту.

Ритмикалық билер, табиғи қимылдармен сипатталады – жүгіру, жүру, орнында секіру, шеттеп секіру, бұрылыстар мен т.б. және музыкамен. Олар арнайы би техникаларын талап етпейді, бірақ құрылымның күрделілігімен ерекшеленеді, оларды толығымен меңгеру үшін бір шама уақытты талап етеді. Ритмикалық жаттығулармен міндетті түрде сөйлеу тілі қатар жүреді. Сөйлеу тілмен жұмыс істеу кешенді түрде жүргізіледі: дыбыстармен, мимикамен, жестпен, яғни бүкіл просодиямен. Сөйлеу тілінің материалдарын үшке бөлсек болады:

Сөзбен және жестпен қимыл.

Топтық қатысушыларға немесе бір қатысушыға қимылды атау.

Диалогтар. а) бір қатысушы сөйлейді, екіншісі үнсіз орындайды; б) сөйлесу екі қатысушылар арасында немесе топта жүргізіледі.

Бұл жаттығуларды мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалармен жұмыс істеу барысында орындауға болады. Балалар әр түрлі қимылдарда, жағдайларда, қарым-қатынастарды өзінің пікірлерін белсенді түрде мәтінде ұсынылғанды көрсетеді. Мысалы, «арадан» қол қағып жатқанда, хормен: «бұл жерде Ара! Ара! Ай қорқамын! Ай қорқамын! Дөп айтады. Соңғы сөзде балалар тұрып жан—жаққа жүгіріп кетеді [2].

Музыкалық ырғақты сезіну, музыкалық айқындылық құралдарымен бірге, жалпы ырғақты сезіну ретінде қарастырылады. Қатысушылардың назары музыканың эмоционалды мазмұны мен құрылысына аударылады. Музыка сипатына сай және қимыл қозғалыс арқылы ырғақтық бейнені беруді жеткізу үшін музыкалық айқындылық, фразировка, динамика, темппен қатар дене шынықтыру мен сюжеттік қойылымдардың, билермен байланысы бар белгілі бір қозғалыс қорлары болу керек. Мысалы: жүру, жүгіру, секірумен қатар гимнастикалық жаттығулар: доппен, обручпен, лентамен және оларсыз қозғалыстар қолданады. Ал сюжеттік қойылымдардан әнді инсценировкалау, музыканы жобалау алынады. Балалар және ересектер музыкалық ойын образдарды жеткізуде жесттерге сәйкес мимикаларды қолданылады. Ал билеу аймағынан ұлттық билердің, еркін билердің элементтері алынады: вальс қадамы, әр түрлі бұрылыстар, қол сүйектерінің қозғалысы және т.б.

Сонымен жоғарыда аталған жаттығуларды логопед, мұғалімдер, тәрбиешілер сабақтардың әртүрлі кезеңдерінде жүргізе алады.

1 Аңищенкова Е.С. *Логопедическая ритмика для развития речи дошкольников.* - М.: АСТ, 2008.

2 Волкова Г.А. *Логопедическая ритмика: Учеб.для студ.высш.учеб заведений.* – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС.

3 Рахимова М.М. *Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларды логоырғақты тексеру әдістемесі.*—Хабаршы, Арнайы педагогика сериясы №1 (40), 2015. - 142 б.

4 Денисова И.А., Ли Ю.Р. *Коррекция произношения младших школьников с дизартрией средствами логопедической ритмики* \ \ Вестник \ \ Хабаршы КазНПУ им.Абая .Серия «Специальная педагогика. - №1 (36). – 2014.

Резюме

В статье раскрывается роль логоритмики в работе с детьми с речевыми нарушениями и описываются логоритмические упражнения.

Ключевые слова: чувство ритма, метроритм, логопедическая ритмика

Summary

An important role of logorhythmic exercises at correctional work are discovered in the article

Keywords: feeling of a rhythm, logopedic rhythmic

УДК 376.016:811

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ (БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАР) ҚОЛ ЕҢБЕККЕ БАУЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қошжанова Г.А. – *п.ғ.магистр оқытушы, Арнайы педагогика кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ.
Қазақстан Республикасы. Алматы қ. gulshat8@inbox.ru*

FEATURES OF TRAINING IN MANUAL SKILLS OF CHILDREN WITH LIMITED POSSIBILITIES IN DEVELOPMENT

*Koshzhanova G.A - Kazakh National pedagogical university named after Abai Almaty.
Republic of Kazakhstan*

Бұл мақалада мүмкіндігі шектеулі балаларды (бастауыш сынып оқушылар) қол еңбекке бейімдеу арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру мәселесі қарастырылады. Қол еңбек сабақтарында балаларды объектілердің негізгі қасиетін танып білуге және олардың арасындағы қарапайым қарым-қатынасты сурет салғанда, мүсін жасағанда, жапсыру жұмыстарында пайдалана білуге үйретеді. Қағаз бетіне сурет салудың арнайы жұмыстары жүргізіледі. Әсіресе құрастыру дағдыларын игеруі зияты бұзылған оқушылардың қарапайым ұғымдарды қалыптастырудың үлкен мүмкіндігі бар. Құрастыру сабақтарында бір заттың өз ішінде кеңістік қатынасын және басқа заттармен орнатуды оқытады. Заттың үлгісіне және географиялық бейнесіне еліктей отырып қол еңбек сабақтарында балаларды объектілердің негізгі қасиетін танып білуге және олардың арасындағы қарапайым қарым-қатынасты сурет салғанда, мүсін жасағанда, жапсыру жұмыстарында пайдалана білуге құрастыру және өз бетінше аяқталған құрылыстардың суретін салу. Сонымен бірге бастауыш сынып оқушыларын еңбекке оқыту барысында оқушылармен жеке жұмыс жүргізіледі, әрбір оқушының жетістігін бақылайды және мүмкіншілігін анықтайды. Зияты зақымдалған оқушылардың психофизиологиялық, дамуының ерекшеліктерінің себебіне байланысты, оқушылар оқудың бастапқы кезінде көптеген еңбек тапсырмаларын өз беттерімен орындай алмай, мұғалімнің көмегін қажет етеді.

Түйін сөздер: қол еңбек, қатырмақағаз, табиғи материалдар.

Қазіргі кезеңдегі өндірістік және қызмет ететін еңбек саласындағы жұмысшылардың кәсіби іскерлігі мен белсенділігіне қойылатын жоғарғы талаптар мүмкіндігі шектеулі оқушылардың өз бетімен өмір сүруге және қоғамдық пайдалы еңбекке даярлығын өзгерту мәселесі қарастырылған. Еңбекке баулу арнайы мектептегі оқу тәрбие үрдісінің құрамдас бөлігі. Оқушылардың арнайы мектепте алған білім деңгейі мен сапасы олардың болашақ өмірден, соның ішінде мамандықты таңдауын анықтайды.

Қазіргі кезде арнайы мектеп оқушыларын еңбек арқылы дамыту және түзете – тәрбиелеу мәселесіне аса көңіл бөлінуде, отандық зерттеушілер Г.А. Абаева, Г.М. Коржова, А.Қ. Рсалдинова және т.б. зерттеушілер қол еңбегі және кәсіби еңбекке даярлау әдістемелік оқу құралын жазған.

Сонымен қатар Л.С.Выготский арнайы мектепте еңбекке оқытуға көп көңіл бөлу керектігінде көрсеткен. Себебі, еңбекке дайындау арқылы мүмкіндігі шектеулі баланы өмірге тәрбиелеу және түзетуге мүмкіндік барын айтқан. Ол осындай балалардың қоғамдық еңбекке араласуы олардың дамуындағы кемістіктерінің орнын толықтырып отыруға болатынын көрсеткен.

Еңбекке оқыту үдерісінде танымдық қызметтің кемшіліктері түзетіледі: байқампаздықтың, ойлаудың, кеңістікте бағдарлаудың, сонымен бірге әсіресе қолдың ұсақ қимылының дамуы сияқты дене даму кемшіліктерін, сабақтағы барлық жұмыс оқушылардың еңбек тапсырмаларының жұмыстарын өз бетімен орындауын дамытуға, оларды мектеп шеберханасының негізінде іс-жүзіне асырылатын шаруашылық-тұрмыстық қызметке және кәсіпке дайындауға көмектесуге мақсатты түрде бағытталған.

Еңбек сабақтары әдебиет, қазақ тілі, есеп, айналамен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарымен тығыз байланыста тұруға міндетті.

Сонымен бірге бастауыш сынып оқушыларын еңбекке оқыту барысында оқушылармен жеке жұмыс жүргізіледі, әрбір оқушының жетістігін бақылайды және мүмкіншілігін анықтайды. Зияты зақымдалған оқушылардың психофизиологиялық, дамуының ерекшеліктерінің себебіне байланысты,

оқушылар оқудың бастапқы кезіңінде көптеген еңбек тапсырмаларын өз беттерімен орындай алмай, мұғалімнің көмегін қажет етеді. Бірақ оқытудың әр түрлі кезеңіндегі мұғалімнің көмегі жағдайға түрленіп отыруға және біртіндеп азаюға тиісті.

Оқушылардың еңбек бойынша білімін және икемділігін бағалаған кезде жұмысты орындау тәсілінің дұрыстығын, тапсырманы өз бетімен орындау деңгейін (тапсырмада бағдарлау, жоспарлау, объектісі жасау, дайын бұйымның сапасы, жұмыс орнын ұйымдастыру) есепке алу керек.

Жұмысты орындаудағы қауіпсіздік және тәжірибе жұмыстарын орындағанда еңбек гигиенасы ережелерін сақтауға назар аудару керек.

Бастауыш сынып оқушыларын еңбекке баулу жүйесінде қағаз және қатырмақағазбен жұмыстың орны үлкен, ол оқушылар бойында еңбексүйгіштік, жұмыстағы ұқыптылық, көркемдік талғамды тәрбиелеуге жағдай туғызады. Жұмыстың кейбір түрлері барлық оқушылармен бірге орындалуы, балаларда ұжымда жұмыс істей білуін, өзінің қызығушылығын жолдастарының қызығушылықтарына қарай бағындыра алуын дамытуға мүмкіндік туғызады. Еңбектің бұл түрінің сабақтарында ақыл-ой дамуында кемшіліктері бар балалардың дене және ақыл-ой кемшіліктерін түзетуге арналған үлкен мүмкіншіліктер туындайды.

Табиғи материалдармен сабақ ақыл-ойы дамымаған балалардың байқампаздығын және ойша елестету, жалпақ және көлемді бұйымдарды орындағанда кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамытуға арналған жағдай жасайды, туған табиғатқа деген махаббатты тәрбиелеуге, көркемдік талғамды, еңбекке деген қызығушылықты дамытуға көмектеседі.

Табиғи материалмен сабақтарды сөйлеу тілін дамыту, математика, бейнелеу өнері сабақтарымен байланыстыруға болады. Оқушылар табиғи материалдарды қарай отырып, оларды тануға жаттығады және өсімдіктер туралы жаңа мәліметтер алады. Олар жануарлар, табиғаттағы мезгілдік өзгерістер туралы өздерінің түсініктерін кеңейтеді.

Бұйымдарды жасау барысында кеңістіктік түсініктерді, берілген санды үлкен санның (көлемнен) санап алуды (азайтуды, қосуды) және т.б. дағдыларды бекітуге қажетті жағдайлар туындайды.

Бейнелеу өнері сабағымен байланыс түсті ажырата білу, кеңістіктік түсініктерді нақтылау икемділіктерін дамытудан, қарапайым көркемдік талғамды тәрбиелеуден байқалады.

Тоқыма мата материалдарымен жұмыс сабақтары ақыл-ойы дамымаған балалардың дене және танымдық, қызмет кемшіліктерін түзетуге қажетті жағдайлар туғызады, оларға бір қатар тұрмыстық, дағдыларды береді және оларды жоғарғы сыныптардағы тігін ісіне оқытудың дайындық, кезеңі болып табылады.

Жұмыстың бұл түрінің бір қатар ерекшеліктері бар. Балалар сабақта өздеріне тән ерекшеліктері мен өңдеу тәсілдері бар арнайы құралдар, ине мен оймақ, қолданылады. Жіптерден бұйым жасау және тігу шыдамдылық, пен ұқыптылықты талап етеді. Жұмыстың жақсы сапасына біртіндеп қол жеткізеді, сондықтан мұғалім оқушыларды жұмысқа қызықтыруға, оларда өз күштеріне деген сенімділікті тәрбиелеу мақсатында жұмыс жүйесін алдын ала ойластыруы керек.

Басатуыш сынып оқушыларын еңбекке дайындаудың, бұл түрінің қарастыратын міндеттері:

1. Жұмысты техникалық сурет үлгісінің және өз ойының негізінде жоспарлай білуді қалыптастыру.

2. Балалардың еңбек қызыметіне техникалық шығармашылық элементтерін ендіру.

3. Оқушыларды металдың кейбір қасиеттерімен, құралдардың қолданылу түрімен танысыру.

4. Слесарь мамандығы туралы қарапайым түсінік беру.

5. Сымды өңдеу және жинақтау операцияларының кейбір тәсілдеріне үйрету.

Бұл міндеттерді іс-жүзіне асыру оқушылардың танымдық қызметін дамытуға, еңбек қызыметіне деген қызығушылықты тудыруға, кәсіби еңбекке үйретуге дайындауға көмектесуге міндетті.

Еңбектің бұл түрінің ерекшелігі біріншіден, оқушылар аса таныс емес материалдармен және құралдармен, жұмыстың жаңа тәсілдерімен жұмыс жасайды; екіншіден, бағдарламаның бұл тарауын оқығанда оқушылар техникалық түрдегі қарапайым мәліметерді алуға, арнайы терминологияны меңгеруге міндетті.

Мүмкіндігі шектеулі бастауыш сынып оқушыларын қол еңбекке бейімдеуде еңбек дағдыларын қалыптастыру, қолжетімді еңбек тәсілдеріне, әр түрлі материалдар туралы білімді және өңдеу тәсілін таңдай білуге үйрету, еңбекте өз бетімен қарапайым жұмыс түрін орындауды дамыту, еңбекке деген қызығушылыққа баулу. Қоршаған еңбек үдерісі туралы түсініктерді байыту, ұжыммен жұмысқа деген қажеттілік пен дайындықты тәрбиелеу, ақыл-ой тәрбиесі (қабылдауды, түсініктерді дамыту,

құралдармен қарапайым іс-әрекеттерді меңгерту, жұмысты жоспарлай білу және жұмыс нәтижесін болжай білу);

- адамгершілік тәрбиесі, ұжымдық тәрбие, өзара көмек, еңбектенуге дайындық бастаған істі соңына дейін жеткізе білу, ересек адамдардың еңбегіне деген жағымды көзқарасты қалыптасыру;

- дене тәрбиесі: дене дамуы, ұсақ қимылдың көру-қозғалу үйлесімділігін дамыту, қол қимылының үйлесімділігі, жұмыс қимылының нақтылығы және икемділігі, жұмыс тәсілдерін орындаудың ұрыстығы, құралдарды дұрыс ұстау.

1 Ефимов А.В. *Некоторые вопросы методики истории*. - М.: Изд-во АПН РСФСР, 1958. - С.99. 77.

2 Жұмбабаев М. *Педагогика*. - Орынбор, 1923. - 56 б.

3 Под.ред. В.В. Воронковой. *Воспитательная работа в специальных школах сборник научных труд*

4 Выготский Л.С. «О связи между трудовой деятельностью и интеллектуальным развитием ребенка». // *Дефектология*. - 1976. - № 6.

5 Выготский Л.С. «Основы дефектологии». *Собр. Соч.: В 6 т.* - М., 1983. - Т.5

6 Гозова А.П. *Трудовое обучение глухих учащихся* // *Дефектология*. - 1985. - №4.

7 Мирский С.Л. «Коррекционная направленность трудового обучения во вспомогательной школе», // *Дефектология*. - № 1, 1986.

8 В.П. Пузанов. «Обучение детей с нарушениями интеллектуального развития». - М.: Академия, 2003.

Резюме

В статье рассматриваются возможности и значение использования наглядности на уроках ручного труда. Дано описание приемов ручного труда, которые должны использоваться с учетом возможностей ребенка

Ключевые слова: ручной труд, картон, природные материалы

Summary

Opportunities and value of using of didactic material at lessons of manual skills are considered. The description of methods of manual skills which have to be used taking into account the child's opportunities is given In article

Keywords: manual skills, cardboard, natural materials

УДК: 376.45

СОВРЕМЕННЫЕ ПСИХОТЕХНОЛОГИИ В КОРРЕКЦИОННОЙ РАБОТЕ С ДЕТЬМИ С АУТИЗМОМ

О.В.Завалишина – к.п.н., доцент кафедры специального образования КазНПУ имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы. olga.zavalishina22@mail.ru

С.С.Серикова – магистрант II курса, КазНПУ имени Абая, Республика Казахстан, serikova_ss@mail.ru

MODERN PSYCHOTECHNOLOGIES IN CORRECTIONAL WORK AMONG CHILDREN WITH AUTISM

O.Zavalishina, S. Serikova - *Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty, Republik of Kazakhstan*

В статье рассматривается проблема использования современных психотехнологий в оказании психолого-педагогической помощи детям дошкольного возраста с аутизмом. Раскрываются основные методы поведенческой терапии, рассматриваются возможности использования данного подхода в коррекционной работе с детьми с аутизмом. Обосновываются условия применения зарубежных методик формирования социально-бытовых навыков и социальной адаптации в контексте отечественного опыта оказания психолого-педагогической помощи детям с аутизмом для развития у них более гибких и спонтанных форм социального поведения.

Ключевые слова: аутизм, социализация, социально-бытовая адаптации, психотехнологии, АВА-терапия

В соответствии с требованиями нормативных документов (Закон Республики Казахстан «О социальной медико-психолого-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями») [1], исходя из запроса педагогов-практиков, становится особо актуальным поиск инновационных подходов к разработке технологий оказания коррекционной помощи детям с ограниченными возможностями развития. При этом необходимо учитывать разнообразие психофизи-ческих нарушений и различных образовательных потребностей у детей с ограниченными возможностями.

Аутизм представляет собой сложное дезинтегративное нарушение психического развития, характеризующееся выраженным и всесторонним дефицитом социального взаимодействия и общения, а также ограниченными интересами и повторяющимися действиями [2]. Как в нашей стране, так и за рубежом за последние годы появилось много новых исследований, посвященных проблемам этиологии, патогенеза аутизма, проявлениям аутистических состояний в различных клинических структурах. В ряде стран были проведены исследования по выявлению распространенности аутизма. По данным ВОЗ дети с аутизмом появляются сегодня 1 на 68 детей, в 2013-м - 1 на 88 (10 лет назад статистика была – 1 случай аутизма на 10000 родившихся). Также специалисты Всемирной организации здравоохранения подчеркивают, что аутизмом страдают люди на всех континентах, во всех странах, независимо от пола, расовой принадлежности и социально-экономического положения. Среднее соотношение мужского и женского пола при расстройствах аутистического спектра (РАС) составляет 4,3:1 (Newschaffer C.J., Croen L.A., Daniels J. et al. The epidemiology of autism spectrum disorders).

Данное нарушение изучалось многими учеными, которые рассматривали проблему с разных позиций. Известнейшими учеными, занимающимися данной проблемой были: Л.Каннер, Г.Аспергер, С.С.Мнухин, Л.Уинг, Э.Орниц, К.Джиллберг и другие.

В настоящее время становится все более понятным, что аутизм не является проблемой одного только детского возраста. Трудности коммуникации и социальной адаптации меняют форму, но не уходят с годами, и помощь и поддержка должны сопровождать человека, страдающего аутизмом, всю жизнь. Отечественная дефектология обратила внимание на проблему раннего детского аутизма сравнительно недавно.

В первую очередь, доступ к такой информации должны иметь родители и специалисты, работающие в системе дошкольного и школьного образования, причем в образовательных учреждениях разного профиля. Порой кажется невероятным, что даже у специалистов - дефектологов, работающих в специальных коррекционных учреждениях, отсутствуют необходимые знания об особенностях

аутизма и принципах его коррекции. Часто это приводит к большим сложностям обучения и воспитания таких детей, а иногда и к ситуации, когда педагог своими действиями усугубляет социализацию ребенка с аутизмом.

Комплексная медико-психолого-педагогическая помощь детям с аутизмом имеет своей целью возможно более полную социализацию ребенка. При этом, среди одной из важнейших задач является формирование конкретных средств коммуникации и социально-бытовой адаптации, навыков, позволяющих ребенку вписаться в его социальное окружение.

Разнообразная и яркая картина аффективных проблем и вторичных защитных установок таких детей: уход от контакта, негативизм, стереотипность, страхи, агрессивные и аутоагрессивные проявления часто маскирует существование выраженных трудностей в освоении ими адекватных форм социального поведения. Достаточно поздно и с огромным трудом складываются самые элементарные навыки повседневной жизни, приобретенные умения практически не используются в других условиях, в лучшем случае их перенос сопровождается постоянным побуждением со стороны взрослого. Ребенок проявляет неспособность самостоятельно пользоваться даже имеющимися у него знаниями и умениями.

Известно, что с возрастом по мере сглаживания аутистических черт все более очевидной становится именно неприспособленность ребенка даже к повседневной жизни. Особая социальная наивность проявляется у таких детей в подростковом и сохраняется во взрослом возрасте [3].

Также известно, что аутизм объединяет детей с разным уровнем психического развития: с тяжелым нарушением умственного развития (с мутизмом, с IQ ниже 70) и с так называемым «блестящим» речевым и интеллектуальным развитием. Актуальность данной темы также обусловлено тем, что трудности социальной адаптации, развития навыков бытовой жизни характерны для всех таких детей и всем требуется специальная помощь в их преодолении. В первом случае она может позволить сохранить детей в условиях семьи, повысить качество жизни ребенка и его близких, развить формы их осмысленного взаимодействия. Во втором - формирование средств социально-бытовой адаптации необходимо для более полного развития избирательных способностей детей, их обучения, профессиональной реализации, овладения навыками самостоятельной жизни.

Работа по развитию социально-бытовых навыков чрезвычайно важна также для психологической помощи семье, воспитывающей аутичного ребенка. Огромная эмоциональная нагрузка, лежащая на его близких, как правило, усугубляется многолетним физическим напряжением. Понятно, что близким часто легче осуществлять уход за ребенком, чем брать на себя тяжелый труд по выработке у него самостоятельных навыков бытовой адаптации. Однако, в этом случае складывающиеся стереотипы гиперопеки в свою очередь начинают препятствовать социальному развитию ребенка. Необходима разработка новых форм и методов коррекционного воздействия, которые позволят преодолеть эти типичные трудности семьи.

В настоящее время, применяются различные психотехнологии в коррекционной работе с детьми с аутизмом, в частности, прикладной анализ поведения или АВА-терапия. Известно, что существует большой опыт разрешения проблем работы с детьми данной категорией, накопленный в зарубежной психологии, прежде всего в рамках поведенческой терапии [4].

АВА (Applied behavior analysis) – метод поведенческого анализа или прикладной анализ поведения. Или поведенческая терапия.

АВА как научная дисциплина изучает влияние факторов в окружающей среде на поведение и манипулирует этими факторами, чтобы изменить поведение человека. Данный метод на сегодняшний день одним из самых эффективных методов коррекции аутизма является.

Первопроходцем данного метода является учение Павлова о высшей нервной деятельности.

АВА означает «прикладной анализ поведения». Чтобы стало понятнее, рассмотрим каждое слово.

Основой для АВА стал бихевиоризм Б. Ф. Скиннера. Бихевиоризм – это одно из направлений психологии, наука о поведении. В данном направлении психологии поведение рассматривается как любое действие живого организма, или, по Скиннеру, поведение – это движение организма или его частей тела в рамках соотношения с внешними предметами или факторами [5].

Цель прикладного анализа поведения – обучение новому поведению. То есть если ребенок бежит по комнате, то это будет поведение. В данном случае у вас (родителей, педагога) может быть желание научить его сидеть за столом. Или, требуя что-либо, малыш начинает кричать – это поведение. Вы же можете обучить его ждать или просить другим образом. И в том, и в другом случае это будет уже другое, новое поведение.

АВА представляет собой набор принципов, которые формируют основу для многих методов поведенческой терапии. АВА основывается на науке обучения и поведения. Данная наука включает в себя общие «законы» о том, как работает поведение и как происходит обучение. АВА терапия применяет эти законы к поведенческим методам лечения таким образом, чтобы увеличить уровень желаемого поведения и уменьшить уровень опасного или проблемного поведения, которое может мешать обучению и эффективному социальному взаимодействию. Также АВА терапия используется для улучшения речевых и коммуникативных навыков, внимания, памяти и академических навыков.

АВА терапия включает в себя много различных методов. Все эти методы фокусируются на предшествующих факторах (*то, что происходит до того, как возникает поведение*), а также последствиях (*то, что происходит после того, как возникает поведение*). Одной из ключевых методик АВА является «положительное подкрепление/усиление». Его суть состоит в том, что когда за поведением следует вознаграждение или поощрение, высока вероятность того, что такое поведение будет повторяться в будущем. Другими наиболее распространенными видами лечения, основанными на принципах АВА, являются обучение отдельными блоками, случайное обучение (или обучение в натуральной среде), тренинг вербального поведения, обучение опорным навыкам и т.п.

Метод АВА, в первую очередь, сосредотачивается на стратегиях положительного подкрепления, которые представляет собой существенную поддержку детям, испытывающим трудности в обучении или приобретении новых навыков [6]. Также АВА-терапия занимается коррекцией проблемного поведения, которое мешает нормальному функционированию ребенка, посредством процесса, называемого «функциональная оценка поведения».

Принципы и методы анализа поведения эффективно и широко применяются для развития обширного спектра навыков у учащихся с и без особых потребностей.

Многие приемы поведенческой терапии успешно используются в практике отечественных специалистов при коррекции поведения детей с аутизмом. Представляется актуальным рассмотреть, как конкретные методы и приемы, разработанные в рамках поведенческой терапии, входят в отечественную практику, определить условия их успешного применения в контексте традиционных способов психокоррекционной помощи детям с аутизмом. Важной задачей исследования является обоснование условий применения зарубежных методик формирования социально-бытовых навыков и социальной адаптации в контексте отечественного опыта оказания психолого-педагогической помощи детям с аутизмом для развития у них более гибких и спонтанных форм социального поведения.

1 Закон Республики Казахстан «О социальной медико-психолого-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями»;

2 Саттари П. Дети с Аутизмом. – СПб.: Питер, 2005. – 224 с.

3 Янушко Е.А. Игры с аутичным ребенком. Установление контакта, способы взаимодействия, развитие речи, психотерапия. – М.: Теревинф, 2004.

4 <http://www.psvresurs.ru/>

5 Лихи Т. История современной психологии - Пер. с англ. - 3-е изд. - СПб. и др.: Питер, 2003. - 446 с.

6 Либлинг, М. М. Десять аргументов против АВА-терапии/ М. М. Либлинг// Дефектология.-2014. - №2. - С.3-14.

Түйін

Бұл мақалада Аутизммен ауыратын балаларды психологиялық-педагогикалық көмек қамтамасыз қазіргі заманғы психотехнологияларды пайдалану мәселесі анықталған.

Негізгі сөздер: аутизм, әлеуметтендіру, әлеуметтік бейімделу, психотехнология, АВА терапия.

Summary

Questions and problems of the using of modern psychocorrectional technics in providing psychological and educational assistance for preschool children with autism are discovered in this article

Keywords: autism, socialization, social adaptation, psychotechnology, ABA therapy.

УДК 376: 37.2

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ КҮРДЕЛІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТОПТАҒЫ ТӘРБИЕШІНІҢ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

Б.Б. Жақанбаева – оқытушы, Арнайы білім беру кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы. Zhakanbaeva@bk.ru

THE TEACHER'S PLANNING IN THE GROUP OF CHILDREN WITH SEVERE SPEECH DISORDERS

Zhakanbaeva B.B. – *Kazakh National pedagogical university named after Abai.*
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған топтағы тәрбиешінің жұмысын жоспарлауы қалай жүзеге асатындығы жайында сипатталады. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған перспективтік-календарлық жоспарында мектепке дейінгі мекеменің жылдық міндеттерін, балалардың отбасымен бірлесіп жұмыс жүргізуді, денешынықтыру, сауықтыру жұмыстарын жоспарлаудың жалпы сипаттамасы баяндалады.

Кілт сөздер: жұмысты жоспарлау, оқу-тәрбие, оқытушы-дефектолог, перспективті-календарлық форма.

Арнайы мектеп жасына дейінгі мекемелерде тәрбиеші тәрбиеленушілердің күнделікті оқу-тәрбие жұмысын, демалыс уақытын реттеп отырады. Қай кезде болса да алдыңғы қатарлы ойшыл ғалымдар (К.Д. Ушинский, Ян Амос Коменский, М. Горький, Н.К.Крупская, Әл Фараби, Ы. Алтынсарин, Ж.Аймауытов және т.б.) тәрбиеші еңбегін жоғары бағалап, оның қоғамдағы ролын маңызды деп санаған.

Арнайы мектеп жасына дейінгі мекемелерде білім алатын сөйлеу тілі күрделі бұзылған балалардың оқу-тәрбие ісін жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік тудыратындай етіп ұйымдастыра білген тәрбиешіні шебер тәрбиеші деп айтуға болады. Шебер тәрбиешінің жұмысы өз ісін терең білумен, белгілі стильмен дауыс ырғағынан, тәжірибеде тексерілген әдіс пен тәсілдердің жиынтығынан, күнделікті оқу – тәрбиенің мақсат, міндетін анықтауынан байқалады. Сабақтың сапалы әрі нәтижелі болуы тәрбиешінің сабақты жоспарлап алдын ала дайындалуына байланысты.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған топтағы тәрбиешінің жұмысын жоспарлау болып табылады. Жалпы мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған топтағы тәрбиешінің жұмысы оқытушы-дефектологтың жұмысымен тығыз байланысты. Сондықтан балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісін бірлесе отырып жоспарлайды. Бұл жоспарлау балалардың біліктілігімен дағдысын, сөйлеу тілін тексергеннен кейін алынған нәтижеге сүйене отырып жүзеге асырылады. Логопедиялық тексерудің түрлері жол жөнекей (топта өткізіледі) және толық (жеке, тереңдетілген).

Жұмысты жоспарлау сабақ кестесін және сабақ тақырыптарын құрудан басталады. Бұл құжат мектеп жасына дейінгі мекеменің әкімшілігімен бекітіледі. Сабақ кестесіне музыкалық-ырғақ (музыка оқытушысы өткізеді), дене шынықтыру (дене шынықтыру оқытушысы өткізеді) сабақтары енгізіледі. Бірақ далада өткізілетін дене шынықтыру сабағы кестеге енгізілмейді. Ал көркем әдебиеттерді оқу күнделікті күннің екінші жартысына қойылады. Сонымен қатар аздаған әдеби шығармалардан үзінділер сабақтың барлық түрлеріне кірістіріледі.

Жалпы балалардың оқу-тәрбие үрдісіне перспективті-календарлық жоспар жасалынады. Бұл жоспар жұмыстың жүйелі жүргізілуін, нәтижелерді болжауын қамтамасыз етеді. Бір айға арнап құрылған жоспар негізгі мақсатқа бағытталған нұсқа болып табылады. Жоспардың кейбір бөлімінде бір ай мерзімінде орындалатын (таңғы гимнастика, жаттығу, мәдени-гигиеналық дағдыға тәрбиелеу) жұмыстар қамтылады. Ал оқу мен ойын әрекеті және режимдік момент күнделікті жоспарланады.

Жоспарлаудың негізі тематикалық қағидаға сүйенеді. Бұнда балалардың барлық іс-әрекеттері (оқу, ойын, бейнелеу, құрастыру) бір бірімен тығыз байланысты және лексикалық тақырыптар өз орнымен жинақталып жүйеленген (мыс: «Ойыншықтар», «Киімдер», «Отбасы», «Жемістер» т.б.).

Жылдың басында перспективті-календарлық жоспарға арнайы А4 форматында дәптер арналады. Дәптердің бастапқы бетіне «№__ мектепке дейінгі мекемедегі №__ топтың оқу-тәрбиелеу жұмысының перспективтік-календарлық жоспары» деген атауы көрсетіліп төменгі тұсына топтың профилі (мыс: сөйлеу тілі күрделі бұзылған балалар), оқу жылы (мыс: 2015), топта жұмыс жасайтын тәрбиеші жөнінде мәлімет жазылады (мыс: Алматова Назира Қайратовна).

Негізінде мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған перспективтік-календарлық жоспардың құрылымына мына бөлімдер енгізіледі:

1. Мектепке дейінгі мекеменің жылдық міндеттері.

Бұнда мектепке дейінгі мекеменің жылдық міндеттері жазылады. Ол міндеттер мектепке дейінгі мекеменің жылдық жоспарынан алынады.

2. Жоспарды дайындау барысында қолданылған әдебиеттер.

Оқу-тәрбиелеу үрдісін жоспарлау барысында тәрбиешінің қолданған әдістемелік әдебиеттері, оқу-құралдары, т.б..әдебиеттер.

3. Топтағы балалардың тізімі.

4. Балалардың отбасымен бірлесіп жұмыс жүргізу.

Бұл бөлімде тәрбиеленушілердің ата-аналарымен жұмыс жүргізудің түрлі формалары (ата-аналар жиналысы, ата-аналарымен әңгімелесу, кеңес беру, үйлеріне бару, топтық мерекелік шаралар) жоспарланады. Тәрбиешінің ата-аналармен жүргізетін жұмысын жоспарлау кестесін төмендегідей құруға болады:

Өткізу мерзімі	Ата-аналарымен жұмыс жүргізудің формалары						Жауапты	Орындалуы
	Ата-аналар жиналысы	Ашық сабақ	Кеңес беру	Әңгімелесу	Балалардың үйлеріне бару	Басқа формалар		
Қыркүйек								
Қазан								

5. Режимдік сәттің түрлері.

Бұл бөлімде балалардың серуендеуі, ертеңгілік және кешкілік режимдік шаралары жоспарланған. Режимдік сәтті жоспарлауды мына кесте бойынша жүзеге асыруға болады:

Таңертең	Мазмұны			
	Мәдени-гигиеналық дағдыға тәрбиелеу	Тапсырма, кезекшілік	Жеке түзету жұмысы	Ойын әрекеті
	1. 2.	1. 2	1. 2	
Бірінші серуен	Бақылау	Қимыл-қозғалысты ойындар	Қимыл-қозғалысты дамыту	Еңбек әрекеті
	1.	1.	1.	1.
Екінші серуен	Қимыл-қозғалысты ойындар	Жеке түзету жұмысы	Ойын әрекеті	Тапсырма, табиғаттағы еңбек
	1. 2.			
Кешке	Ойын әрекеті	Көңіл көтеру	Көркем әдебиеттерді оқу	Театрлық іс әрекет

Жоспар бағдарламаның барлық бөлімдері жағынан білімі, біліктілігі, дағдысын тексерудің нәтижесі бойынша жоспарланады. Баланың аты-жөні және жұмыс құрылымы көрсетіледі. Денешынықтыруға арналған мерекелік шара бір кварталда бірақ рет, денешынықтыру досугы айына бір және екі рет, денсаулық күні квартал сайын бір рет, музыкалық досуг және көңіл көтеру айына бір рет өткізіледі.

6. Дене шынықтыру, сауықтыру жұмысы.

Балалардың кешкі гимнастикасын және ұйқыдан кейінгі жаттығуларын жоспарлау денешынықтыру мұғалімімен тәрбиешінің бірігуі арқылы дайындалады. Жұмыс барысында балалардың денсаулығының мықты болуын және олардың физикалық дамуын дұрыс қадағалауға бағытталған іс-шараларды жоспарлау кестесінің жалпы түр сипатын төмендегідей жасауға болады:

Таңғы гимнастика		Ұйқыдан кейінгі жаттығу	
1-апта	2-апта (толықтыру және өзгерту)	1-апта	2-апта (толықтыру және өзгерту)
1.	1.	1.	1.
3-апта	4-апта (толықтыру және өзгерту)	3-апта	4-апта (толықтыру және өзгерту)
1.		1.	

7. Сабақта оқыту.

Осы бөлімде кестеде көрсетілгендей тақырыбы, міндеті (білім беру –түзету және тәрбиелеу-түзету) сабақтың өткізілу мерзімі көрсетілген сабақтардың бір айға жасалынған перспективті-календарлық жоспарлау беріледі. Бір айға жасалынған сабақты жоспарлау кестесін мынадай түрде толтыруға болады:

	1-апта	2-апта	3-апта	4-апта
Бірінші күн	1-сабақ: Айналамен таныстыру және тіл дамыту.			
	«Жемістер» Міндеті:..... Сөздік: Әдебиеттер:	«Жидектер» Міндеті:..... Сөздік: Әдебиеттер:	«Киім» Міндеті:..... Сөздік: Әдебиеттер:	«Киім» Міндеті:.....
	2-сабақ: Бейнелеу.			
	«Себеттегі жеміс-жидектер» Міндеті:..... Әдебиеттер:	«Қуыршаққа арналған алма» Міндеті:..... Әдебиеттер:	«Шарды бояймыз» Міндеті:..... Әдебиеттер:	Тақырып: Міндеті:..... Әдебиеттер:
Екінші күн	1-сабақ: Сюжетті-рольдік ойындар			
	Тақырып: Міндеті:..... Сөздік: Әдебиеттер:	Тақырып: Міндеті:..... Сөздік: Әдебиеттер:	Тақырып: Міндеті:..... Сөздік: Әдебиеттер:	Тақырып: Міндеті:..... Сөздік: Әдебиеттер:
	2-сабақ: Дене тәрбиесі (ДТ жетекшісінің жоспары бойынша)			

Тәрбиеші оқытушы-логопедтің перспективті жоспарын негізге алып, тақырып бойынша әр сабақ сайын сөздік жұмысқа сөздерді таңдап дайындайды. Ол барлық сөздер өткен тақырыптан алынған сөздер болып табылады. Сонымен қатар тәрбиеші сөйлеу тілі күрделі бұзылған мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту және оларға түзету жұмысын жүргізу кезеңінде пайдаланған әдістемелерге сүйене отырып нақты әдебиеттерді көрсетеді.

Тақырыптық жоспарды жүзеге асыра отырып тәрбиеші бір айға арналған сабақ кестесін толтырады.

Ал сөйлеу тілі күрделі бұзылған балалар тобының күн тәртібінде ақыл ой және физикалық жүктемені және демалысты алмастырудың тиімді нұсқасын жасауға болады.

Күн тәртібін құру барысында мыналарды ескеру қажет:

- Балалардың жасы;
- Жыл мезгілі;

- Мектепке дейінгі мекеменің жұмыс тәртібі;
- Түзету және білім беру үрдісінің спецификасы.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған топтағы тәрбиешінің жоспары төмендегі қағидаларға негізделіп жасалады:

- Тәрбиенің мақсат, міндеттеріне, балалардың жас және жеке психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сай келуі;
- Оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- Оқу үрдісінің үздіксіздігімен бұртұтастығы;
- Ұсынылатын материалдар белгіленген міндеттерді кешенді түрде шешуге ыңғайлы, бірізді, жүйелі болуы;
- Түрлі іс-әрекеттердің сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларды жан-жақты, үйлесімді дамытуда басты роль атқаратыны.

Тәрбиеші жұмысын жоспарлау барысында мектепке дейінгі мекеменің жылдық міндеттері, қолданылған әдебиеттері, топтағы балалардың тізімі, балалардың отбасымен бірлесіп жұмыс жүргізуі, режимдік сәттің түрлері, дене шынықтыру, сауықтыру жұмыстары толықтай жоспар мазмұнында қамтылады.

Қорыта айтқанда мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған топтағы тәрбиешінің жұмысын дұрыс жоспарлау тәрбиешінің біліміне, біліктілігіне тікелей байланысты. Балаларға көру, ұстау, түсіну, есту, сезіну, сипау, заттармен құбылысты толық тануға мүмкіндік жасайды.

1 Меңжанова Ә. «Мектепке дейінгі педагогика». – Алматы: «Рауан», 1992.

2 Пятница Т.В., Солоухина-Башинская Т.В. «Справочник дошкольного логопеда». – Ростов-на-Дону, 2011.

Резюме

В статье рассматривается планирование работы воспитателя в группе для детей с тяжелыми нарушениями речи.

Ключевые слова: семья, физическое здоровье, план, воспитание, источники планирования, обучение.

Summary

The article discusses the teacher's planning in the group of children with severe speech disorders.

Keywords: family, physical health, plan, education, resources, training.